

Өнеркәсіптік үлгілерге патентті беруге өтінімді жасау, ресімдеу және қарастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2009 жылғы 6 тамыздағы N 101 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 4 қыркүйектегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5772 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 91 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2012.02.24 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағы 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып "Қазақстан Республикасының патент заңы" Заңының 19-бабы 4-тармағын іске асыру мақсатында,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Өнеркәсіптік үлгіге патент беруге өтінім жасау, ресімдеу және қарау жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті төрағасының 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 54-ОД "Өнеркәсіптік үлгіге патент беруге өтінім жасау, ресімдеу және қарау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4644 болып тіркелген, 2007 жылғы 7 қыркүйектегі N 137 (1340) "Юридическая газета" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Қ а з а қ с т а н
Ә д і л е т

Д. Құсдәулетов

Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р і н і ң

м . а .

Өнеркәсіптік үлгілерге патентті беруге өтінімді жасау, ресімдеу және қарастыру жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Осы Өнеркәсіптік үлгіге патент беруге өтінім жасау, ресімдеу және қарау жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының " Патент заңына" (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және өнеркәсіптік үлгіге патент беруге өтінім жасау және қарау тәртібін айқындайды.

2. Осы нұсқаулықта мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген және өнертабыстар, пайдалы модельдер және өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) сараптама жасау ұйымы - мемлекеттік монополияға жататын салалардағы (өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласында қызмет көрсету) қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органға ведомстволық б а ғ ы н ы с т ы ұ й ы м ;

3) өтінім - өнеркәсіптік үлгіге патент беруге өтінім;

4) Париж конвенциясы - кейінгі өзгертулермен және толықтырулармен қоса алғанда, 1883 жылғы 20 наурыздағы өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі Париж к о н в е н ц и я с ы ;

5) конвенциялық өтінім - 1883 жылғы 20 наурыздағы өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі Париж конвенциясына сәйкес берілген, өтінім;

6) ДЗМҰ - Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы

7) ӨҮХС - өнеркәсіптік үлгінің халықаралық сыныптамасы.

8) ИНИД - өнеркәсіптік үлгілерге қатысты библиографиялық мәліметтердің сәйкестігіне арналған халықаралық кодтар.

2. Өтінімге қатысты жалпы талаптар

3. Өтінім өнеркәсіптік үлгі бірлігі талаптарын қанағаттандыратын, өзара байланысты, өнеркәсіптік үлгінің біреуіне немесе бір тобына қатысты болады.

Өнеркәсіптік үлгі бірлігі сақталған болып саналады, егер:

бұйым суретінде және маңызды белгілерінің тізбесінде бір бұйымның, соның ішінде тұтас бұйымның, бірлесіп пайдаланылатын бұйымдар тобындағы дербес жиынтық бөлігінің көркем-құрылымдық шешімін танытатын бір өнеркәсіптік ү л г і ұ с ы н ы л с а ;

бұйымдардың суретінде және өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілері

тізбесінде бірыңғай шығармашылық ойды туындататын және негізгі үстемдік ететін композициялық элементтерді сипаттайтын, бұйымның бірдей негізгі эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктерін анықтайтын және жоғарыда көрсетілген жалпы белгілерді (топтар) толықтыратын маңызды белгілердің болар-болмас бөлігімен ажыратылатын, бір ғана бұйымның шешімін танытатын өнеркәсіптік үлгілердің тобы ұсынылса.

4. Өтінімді Заңның 10-бабы 1-тармағына сәйкес қорғау құжатын алуға қ ұ қ ы л ы т ұ л ғ а б е р е д і .

5. Өнеркәсіптік үлгіге өтінімді беру уақыты, сараптама жасау ұйымына (бар болған жағдайда) аты-жөнін, әкесінің атын немесе өтініш иесінің толық атауы, сипаттамасы және бұйымның суреті (макеті) мазмұндалған өнеркәсіптік үлгіге қорғау құжатын алу туралы өтініш, немесе аталған құжаттар бір уақытта берілмесе, соңғы ұсынылған құжаттардың түскен күні бойынша белгіленеді.

6. Өндірістік үлгіге өтінімде:

1) өндірістік үлгінің авторларын және патент алушы тұлғаның, сондай-ақ оның тұрғылықты жерін және орналасқан жерін көрсете отырып, патент алу туралы өтініші (3 данада);

2) өтінілетін үлгі (үлгілер) туралы толық нақты беретін ұсынысы, бұйым (бұйымдар) және макет көріністерін есіне түсіруге қажетті комплектісі (жалпы түрі - 8 дана, қосымша түрі - 2 дана);

3) оның елеулі белгілерін қамтитын өндірістік үлгінің сипаттамасы 2 данада;

4) өкіл арқылы істі жүргізу жағдайында сенімхаттың болуы.

Өнеркәсіп үлгісіне өтінімге өтінім беруге белгіленген мөлшерде ақы төленгенін растайтын құжат және оның мөлшері кемітілуіне арналған сараптама жасау ұйымының ақы жүйесінде көзделген негіздемені растайтын құжат қоса тіркеледі, олар өтініммен бірге немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде табыс етілуі мүмкін. Тиісті төлемдер енгізілген жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауы керек.

Төлем жөніндегі құжаттар белгіленген мерзімде тапсырылмаған жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

3. Өтінім құжаттарын жасауға және ресімдеуге қойылатын талаптар

7. Патент беру туралы өтініш осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес N 1-ПО ны с а н ы б о й ы н ш а ұ с ы н ы л а д ы .

Егер қандай да бір мәліметтер тиісті бағандарда толықтай жазылмаған жағдайда, олар өтініштің қосымша бетінде тиісті бағанаға "Қосымшаға қараңыз" деген ескертпемен көрсетіледі.

Өтініштің "Түскен күні", "Басымдығы" деген бағандары, оның жоғарғы

жағында орналасқан 21, 22 кодтарындағы, өтінім келіп түскеннен кейін сараптама ұйымы толтыруға арналған бағандарын өтініш беруші толтырмайды.

Патент беру туралы өтініш бағанында, патент сұралатынын өтінім беруші туралы мәліметтер келтіріледі:

жеке тұлғаның аты-жөні, әкесінің аты оның мекен-жайы немесе заңды тұлғаның толық ресми атауы және оның орналасқан жері;

егер өтінім берушілер бірнешеу болса, олардың әрқайсысы жөнінде мәліметтер беріледі;

жеке және заңды тұлғалардың шетелдік атаулары мемлекеттік немесе орыс тілдерінде транслитерациясымен беріледі. Шетелде тұратын шетелдік жеке және заңды тұлғалар ДЗМҰ ST. 3 стандарты бойынша елдің кодын көрсетуі тиіс;

басымдықты белгілеу туралы өтінішінің бағаны, сараптама жасау ұйымына өтінімнен ертерек, бастапқы басымдықты сұраған кезде толтырылады. Бұл ретте "X" символымен тиісті тор көздерде сұралатын басымдықтың негіздемесінде (немесе қосымша материалдарды қоса) ДЗМҰ ST. 3 стандарты бойынша беру елінің коды және сұралатын басымдық күні, бастапқы өтінім нөмірі мен басымдығы сұралған негіздемесі үшін қойылады.

Егер бірнеше өтінімдер негізінде басымдық сұралғанда, барлық өтінімдердің нөмірлері аталады, қажет болған кезде, сұралатын басымдықтың бірнеше күндері де аталуы мүмкін. Конвенциялық басымдықты сұраған кезде, оның ДЗМҰ ST. 3 стандарты бойынша елдің коды көрсетіледі.

74 бағаны өтінім беруші өкілін тағайындаған жағдайда толтырылады. Бұл бағанда өкіл туралы мәліметтер келтіріледі - тіркелген нөмірі аталған сенімді патент өкілінің аты-жөні мен әкесінің аты немесе басқа да жеке немесе заңды тұлғаның толық атауы.

Егер өтінім берушілер бірнешеу болса, өкіл ретінде соның біреуі тағайындалуы мүмкін.

Өтініштің екінші бетіндегі "Қоса беріліп отырған құжаттардың тізімі" бағаны тиісті торына "X" белгісін қою жолымен және даналар саны мен тіркелген құжаттардың әр данасындағы парақтар саны көрсетіле отырып толтырылады. Түрлері өтініш нысанында қарастырылмаған қоса берілетін құжаттардың нақты бағыты көрсетіледі.

"Патентке өтінім беру және алу құқығы пайда болу негізі" бағанына "X" белгісін қоюмен патентке өтінім беру және алу үшін тиісті негіз белгіленеді. Көрсетілген баған өтінім беруші автор немесе өтінім берушілер бірнешеу болып, олардың құрамы авторлар құрамымен сәйкес келген жағдайдан басқа, патент өтінім берушінің атына сұралғанда толтырылады.

72 және 97-кодтар астындағы бағандарда автор туралы мәліметтер: тегі, аты және әкесінің аты, тұрғылықты жерінің толық пошталық мекен-жайы келтіріледі,

шетелдіктер үшін ДЗМҰ ST.3. стандарты бойынша елдің коды көрсетіледі.

72 және 97-кодты бағандар астындағы баған автор патент беру туралы мәліметтер жарияланым кезінде өзін осылай атамауды өтінген жағдайда ғана толтырылады. Мұндай жағдайда жарияланым кезінде атамауды өтінген авторлардың әрқайсысының тегі, аты, әкесінің аты және олардың қолдары к е л т і р і л е д і .

97-кодтың астындағы бағанның оң жағына орналасқан бағанда автор өтінім беруші болып табылса немесе егер автор патентке өтінім беру мен алу құқығын өтінім берушіге берген жағдайда автордың қолы мен күні қойылады. Өтінім берілгенге дейін автор қайтыс болған жағдайда туыстық қатынастары аталып, күні мен мұрагердің қолы қойылады.

Егер өтінім беруші ретінде автор болып табылмайтын тұлға көрсетілсе, өтініштің "Қолы" деген соңғы бағанын күнін көрсете отырып толтырылады. Өтінішке заңды тұлғаның атынан ұйымның басшысы немесе заңды тұлғаның құрылтайшылық құжаттарымен оған уәкілетті адам лауазымын көрсете отырып қолын қояды, қолы осы заңды тұлғаның мөрімен бекітіледі. Егер өтінім берушілер бірнешеу болса, өтінішке өтінім берушілердің әрқайсысы қол қояды. Өтінім патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы берілген кезде өтінішке патенттік сенім білдірілген өкіл қолдары қойған адамдардың тегі мен аты-жөні ашып к ө р с е т і л е д і .

Өтінішке қатысты кез келген өзге мәліметтер ұсынылған әрбір қосымша параққа осындай тәртіппен қол қойылады.

Өтініш пен оған қосымшаларда түзетулер мен өшірулер болмауға тиіс.

8. Бұйымның сыртқы түрінің суреті өнеркәсіптік үлгінің құқықтық қорғау көлемін анықтау үшін пайдаланылатын өтінім берілген өнеркәсіптік үлгі туралы ақпаратты және оның маңызды белгілері тізбесіне тіркелген өнеркәсіптік үлгі белгілерінің жиынтығы туралы ақпаратты құрайтын негізгі құжат болып т а б ы л а д ы .

9. Бұйымдардың суреттері бейтарап аяда нақты, анық, шартты емес, басқа заттарсыз ұсынылады және қосымша түсініктемелерсіз бұйымның сыртқы түрінің элементтерін жарық және көлеңке жақтарында да сәйкестендіруге м ү м к і н д і к б е р е д і .

10. Фотосуреттердің барлық түрі жұқа жылтыр қағазда жасалып және ешқандай көзге көрінетін өңдеусіз орындалады.

Сараптамаға бұйымның бояу-фактуралық түрі туралы ешқандай түсінік бермейтін, эскиз немесе ақ түсті макеттерден жасалған фотосуреттер қ а б ы л д а н б а й д ы .

11. Ауқымды өнеркәсіптік үлгіге өтінім бұйымның жалпы түрінің алдыңғы, оң жақ, сол жақ, артқы, үстіңгі 3/4 ракурстағы суретінің болуымен ұсынылады.

Бұйым жиынтығының көркем-конструкторлық шешімі тұтас алғанда жиынтыққа кіретін әрбір бұйым түрін қарастыруға мүмкіндік беретін барлық жиынтықтың жалпы түрдегі суреттерімен қамтылады. Жиынтыққа кіретін әр бұйым талап етілетін барлық түрде жеке суреттер ретінде қосымша ұсынылады. Өтінімде бұйымның жалпы түрі алдыңғы, сол жақ, оң жақ, артқы, қажет болған кезде - бұйымның сыртқы келбетінің барлық шешімін жан-жақты түсінуді қамтамасыз ету үшін үстіңгі, астыңғы ракурстағы фотосуреті қамтылуы тиіс.

Бұйымдар жиынтығы жалпы түрінің бір суретінде толық құрамда техникалық тұрғыда ұсынылуы мүмкін болмаған жағдайда, жиынтық үзінділерін жеке суреттерде ұсынуға болады.

12. Өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің әр нұсқасы барлық қажетті түрде суреттердің жеке жиынтығымен ұсынылады.

13. Жабылатын, жиналатын және құралатын бұйымдар ашық және (немесе) жабық түрде осы бұйымдардың суреттерімен ұсынылады.

14. Киімнің көркем-конструкторлық шешімінің фотосуреті манекен үстінде толықтай түсіріліп, ал аяқ киім, бас киім, тері галантереялық бұйымдары оның табиғи үлгілерінің жеке фотосуреттері түрінде көрсетіледі.

Киім және аяқ-киімнің көркем-конструкторлық шешімдері қосымша фотосуреттерде демонстраттар арқылы ұсынылады, бұйымдарды әзірлеу негізіне қатысты (өлшемі, толықтығы, бойы) жас тобы және антропометрикалық мәліметтері талаптарына сәйкестендіреді.

Сурет, құрылым, сызық және пішіннің ерекшелігі туралы толықтай мәлімет беру мақсатында, бұйым фотосуреті ұсынылады, егер фотосуретті ұсыну мүмкіндігі болмаған жағдайда, өтінілетін көркем-құрылымдық шешімнің ерекшелігін көрсету мақсатында эскиз суреттемесі ұсынылады.

15. Түрлі-түсті (көркем- бейнелі) етіп жүзеге асыру өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілерінің бірі болса, суреттер түрлі-түсті етіп ұсынылады.

16. Фотосуреттер түріндегі суреттер 18x24 см мөлшерде, басқа суреттер А4 форматында орындалады.

Мөлшерлері үлкен емес бұйымдар мен макеттері үшін 13x18 немесе 9x12 см мөлшерде фотосуреттері ұсынылу мүмкін.

Жалпы түрдегі фотосуреттің әр данасының сырт жағында төмендегідей мәліметтер көрсетіледі:

фотосурет нөмірі;
өнеркәсіптік үлгінің атауы;
авторлар қолдары, оларды ашып көрсету;
өтінім берушінің атауы.

Басқа түрлі фотосуреттер сырт жағында кезекпен төмендегілер көрсетіледі:
фотосуреті нөмірі "қырынан", "алдынан" және т.б;

өнеркәсіптік үлгінің атауы.

Прототип фотосуретінің сырт жағында фотосурет нөмірі бұйым атауы, прототип-анықтамасы көрсетіледі.

Фотосуреттер мынадай тәртіппен нөмірленеді - жалпы түрі, басқа да түрлері, түсті фотосуреті, прототип фотосуреті. Бір түрлі фотосурет бірдей нөмірленеді.

17. Өнеркәсіптік үлгінің суреттемесі сөздік түрде бұйымның сыртқы түрін сипаттау керек.

Суреттемеде терминология бірлігін сақтай отырып, ғылыми-техникалық әдебиеттерде жалпы қабылданған терминдер қолданылады.

Суреттеме өнеркәсіптік үлгінің атауынан, сондай-ақ ӨҮХС индексінен басталып және төмендегідей салалардан тұрады:

- 1) өнеркәсіптік үлгіні қолдану аясы мен оны белгілеу;
- 2) өнеркәсіптік үлгінің үйлес нұсқасы;
- 3) өнеркәсіптік үлгінің мәні;
- 4) өнеркәсіптік үлгіні қат-қабат жаңғырту мүмкіндігі;
- 5) өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілердің тізбесі.

Суреттемеде нөмірлеріне сәйкес, фотосуреттер, суреттер, сызбалар мен слайдтар және олардың әрқайсысында кескіндеменің қысқаша сипаттамасы көрсетілген өнеркәсіптік үлгінің кескіндемелер тізбесі сілтемеленеді.

18. Жекеше түрде қолданбайтын атаулардан басқа, жекеше түрде мазмұндалатын және өнеркәсіптік үлгінің атауы оның белгілемесін сипаттайды. Жаңа немесе аз танымал белгілеудегі өнеркәсіптік үлгінің атауы оның қолдану аясын мазмұндайды.

Егер өтінімде өнеркәсіптік үлгінің нұсқалары мазмұндалса, атауынан соң жақшаларда нұсқалар саны көрсетіледі. Егер Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар таңбаларына үшінші адамның құқықтары бұзылмаса, өнеркәсіптік үлгінің атауы арнайы немесе жалқы болу мүмкін.

19. "Өнеркәсіптік үлгінің қолдану аясы мен оны белгілеу" суреттеме бөлімінде өтінілетін өнеркәсіптік үлгіні қолдану аясы, оны белгілеу туралы мәліметтері көрсетіледі.

20. "Өнеркәсіптік үлгінің үйлес нұсқалары" бөлімінде өтінілетін үлгіге біршама жақын үйлес нұсқаны көрсете отырып, анықталған үйлес нұсқаның сипаттамасы көрсетіледі, сондай-ақ келтірілген үйлес нұсқаларды мазмұндайтын ақпарат деректердің библиографиялық мәліметтері келтіріледі.

Өнеркәсіптік үлгінің үйлес нұсқаларына басымдық күніне дейін өтінім беріліп отырған өнеркәсіптік үлгімен қызметтік мақсаты бір, жалпыға қол жетерліктей болған мәліметтерден белгілі елеулі белгілерімен ұқсас бұйымның конструкторлық-көркемдік шешімдері жатады. Ең жақын үйлес нұсқа - ол өтінім беріліп отырған өнеркәсіптік үлгімен елеулі белгілері бойынша неғұрлым ұқсас

н ұ с қ а .

Өтінімде өнеркәсіптік үлгілердің нұсқалары болған жағдайда әрқайсысына ең жақын үйлес нұсқаны көрсетуге болады.

21. "Өнеркәсіптік үлгінің мәні" бөлімінде оның елеулі белгілері өтінім берілген өнеркәсіптік үлгіні неғұрлым жақын үйлес нұсқадан ажыратуға мүмкіндік беретін белгілер бұйымның эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктерін аша отырып көрсетіледі. Бұл бөлімде өнеркәсіптік үлгінің басымдылығын күнделікті пайдалану ерекшеліктерін, бұйым сапаларын және т.б. жақсарту бөлігінде белгілі шешімдерді салыстыру бойынша келтіруге болады. Суреттемеде ұсынылған фотосуреттер мен суреттерге сілтеме жасалады. Өнеркәсіптік ұйымның нұсқаларын сипаттау кезінде сондай-ақ бір нұсқаны екінші нұсқадан ажырату белгілері көрсетіледі. Осы бөлімде бұйымның сыртқы әлпетін қалыптастыратын маңызды сипаттардың әсер етуі және бұйымның эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктері көрсетіледі.

Бұл бөлімде бұйымның сыртқы әлпетіне байланысты ерекшеліктерімен ерекшеленген қасиеттері де көрсетілу мүмкін.

Жиынтықты сипаттау кезінде оның құрамына кіретін барлық бұйымдар форма жасаудың бірыңғай пластикалық және стилистикалық қағидатын пайдалану арқылы орындалауы тиіс.

Өнеркәсіптік үлгінің мәнін ашуда оны жүзеге асыруда әртүрлі қалыптарды суреттейтін балама түсініктер түрі ретінде белгісін көрсетуге болмайды.

Белгіні жүзеге асырудың әртүрлі қалыптарының бар болуында, жоғарыда аталған қалыптардың бірін суреттейтін өнеркәсіптік үлгінің нұсқаларына өтінім беруге болады.

22. "Өнеркәсіптік үлгіні қат-қабат жаңғырту мүмкіндігі" сипаттама бөлімінде өнеркәсіптік үлгіні қат-қабат нақты жаңғырту мүмкіндігін растайтын, технология , қолданатын құрал-жабдық және материалдар туралы мәліметтер келтіріледі.

23. Бұйым суреттерінде көрініс тапқан өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілер тізбесі бұйым суретімен бірлескен түрде құқықтық қорғау көлемін анықтауға арналған .

"Өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілерінің тізбесі" бөлімінде, бұйымның статикалық жағдайдағы сыртқы әлпетін сипаттайтын, өнеркәсіптік үлгіні мәнін ашуға қарағанда барынша қысқаша айтылатын және мәнді болып табылатын барлық белгілер көрініс табады. Бұйымның сыртқы әлпетін сипаттағанда оны трансформациялау, нысан элементтерінің ережелерін өзгерту мүмкіндігін көрсетуге жол беріледі.

Өнеркәсіптік үлгінің нұсқалары өтінімінде елеулі белгілер тізбесі бар жағдайында, аталған нұсқаға қатысты келтірілген мәнді белгілер, өнеркәсіптік үлгінің мәнін сипаттайтын белгілер нұсқаларына жалпы және сондай-ақ текті

түсінігі мазмұндалатын бөлігі ретінде сипатталады.

Тізбеге енген белгілерді абсолютті көлеммен немесе бұйым элементтері көлемдерінің ажыратылмайтын қатысымдарымен көрсетуге жол берілмейді. Тізбеге бұйымның таңбалануы болып табылатын қызметтік-тұтынушылық мәндегі графикалық суреттердің сипаттамаларын енгізуге жол берілмейді, егер эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктерісіз стандартты тәсілдермен орындалса.

Бұйымның сыртқы түрін сипаттауда жағдайын, өзара орналасу мүмкіндігіне ие элементтерді орындау үшін нұсқауға жол беріледі.

Өнеркәсіптік үлгінің белгілері өтінім берушімен ұсынылған бұйым суретінің элементтерімен олардың визуалды сәйкестігінің мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін тізбеден орын алады. Сонымен қатар маманның ұғымның сипатталған мағыналық мазмұнын түсінуін қамтиды. Белгі сипаттамасы тізбеде бұйымның суреттеріне сілтемеге ауыса алмайды.

24. Көпблукты композициялы бұйымдардың көркем-конструкторлық шешімін сипаттау үшін: композициялық элементтер құрамы және оларды орналастыру, олардың пластикалық, графикалық, түсті және фактуралық шешімі сияқты белгілері пайдаланылады.

25. Негізінде дамыған көлемді-кеңістікті құрылым жатқан күрделі композициялы көркем-конструкторлық шешімдердің бұйымдары үшін: құрамы, олардың өзара орналасуы, қалпы және композициялық элементтерді пластикалық анықтап алу сияқты белгілері пайдаланылады.

26. Жазық сүйекті композициялы көркем-конструкторлық шешімдердің бұйымдары үшін: композициялық құрылымдар, оюлар элементтерінің, мотивтерінің сызба-графикалық қатысы, колористикалық қалпы сияқты белгілері пайдаланылады.

27. Киімдердің көркем-конструкторлық шешімдердің бұйымдары үшін: бөліктердің өзара қатысын көру арқылы анықтайтын модельдің көлемді сипаттамасы болып табылатын қалып; модельдің жазық сүйекті сипаттамасы болып табылатын силуэт; киімнің кез келген бөлігінде оның жоғарғы бөлігін қаптайтын детальдар - элементтер;

бұйымды пайдаға асыру тұрғысынан функционалды мәні жоқ, модель шешімінде сәндік рөл ойнайтын, пайдаланылуы бір уақытта технологиялық амал болып табылатын әрлеу-элемент;

бұйымның жеке бөліктерін қосып және ажыратуға арналған бұйым құрылымына кіретін, сонымен қатар сәндік элемент болатын фурнитура; сәндік ерекшеліктері бар материал сияқты белгілері пайдаланылады.

28. Аяқ-киімдер көркем-конструкторлық шешімдердің бұйымдары үшін:

модельдің көлемді сипаттамасы болатын, колодка қалпы бар қалып;
жоғары және төмен құрылымы;
құрылым элементтерінің құрамы, қалпы және бірдей орналасуы;
сәндік ерекшеліктерге ие материал;
әрлеу детальдары;
фурнитур а;
бейнелі шешім сияқты белгілері пайдаланылады.

29. Баспа өнімнің көркем-конструкторлық сипаттамасында композициялық құрылымнан, графикалық элементтерді түбегейлі пысықтаудан, бейнелеу мотивтерінен, оюдан, қаріптік графиканың орналасуы мен орындалуынан, (жазулардың мағынасыз және/немесе фонетикалық мазмұнысыз), бейнелі шешімінен көрініс беретін белгілер пайдаланылады.

Декоративтік безендіру және эстетикалық ерекшеліктерді келтіретін сыртқы түрін сипаттайтын елеулі белгілері жоқ баспа өнімдері Заңның 8-бабының 2-тармағына сәйкес қорғалмайтындарға қатысты болады.

Егер әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді, сандарды, сонымен қатар бұйымда арнайы белгі сипатына ие элементтерді қамтитын болса, тауар сипаттамасына арналған баспа өнімі қарапайым мәтіндік блок түрінде стандартты қаріппен графикалық немесе түсті ерекшеліктерсіз орындалса, осындай мәлімделген объект Заңның 8-бабының 2-тармағына сәйкес қорғалмайтындарға қатысты болады.

Бөлімде сонымен қатар өтінілген өнеркәсіптік үлгіні жүзеге асыру мүмкіндігі, яғни өтінім берушінің көрсеткен негізімен жүзеге асыру арқылы, қажет болса, қолданылатын материалдар мен технологиялық процесстерді көрсету арқылы оның бұйымын өндірістік немесе кустарлы тәсілмен іске асыруға дайындық туралы мәліметтер келтірілген.

Егер өтінілген көркем-конструкторлық шешімде өнеркәсіптік меншіктің басқа нысандарының бұйымы бар болып, оларға өтінім беріліп, қорғау құжаты алынып және бұл туралы өтінім беруші хабардар болса, бұл құжаттар туралы ақпарат көздерін анықтау үшін жеткілікті мәліметтер көрсетіледі.

30. Құжаттардың барлық түрі олардың көшірмелерінің шексіз саны бойынша тікелей репродукциялануы мүмкін болатындай етіп ресімделеді.

Әр парақ тармақтардың парақтың кіші бетіне параллель орналасуы бойынша бір жақ бетімен қолданылады.

Өтінімдер құжаттары мықты, ақ, тегіс және жылтыр емес қағазда жасалады.

Өтінімнің әр құжатына жеке парақтан басталады. Парақтар форматы 210x297 мм болады.

Суреттемесі мазмұндалатын парақтар жақтарының кіші мөлшері, мм.:
жоғарғы жағы – 20;

т ө м е н г і	ж а ғ ы	–	2 0 ;
о ң	ж а ғ ы	–	2 0 ;
с о л	ж а ғ ы	–	2 5 .

Сызбалар немесе суреттердің көшірмелеулері мазмұндалған парақтарда қолданылатын көлемнің мөлшері 262x170 мм. аспайды. Парақтар жақтарының к і ш і м ө л ш е р і , м м . :

ж о ғ а р ғ ы	ж а ғ ы	–	2 5 ;
с о л	ж а ғ ы	–	1 0 ;
о н	ж а ғ ы	–	1 5 ;
т ө м е н г і	ж а ғ ы	-	2 5 .

Фотосуреттер форматы жоғарыда аталған парақтардың белгіленген м ө л ш е р і н е н а с п а у ы к е р е к .

Өтінімнің екінші парағынан бастап және келесі парақтары араб цифрларымен н ө м і р л е н е д і .

31. Құжаттар қара түсті шрифтімен басылады.

Мәтіндер бастапқы әріптері 2,1 мм. аспайтын биіктікте екі интервалдан соң б а с ы л а д ы .

Графикалық символдар, латын атаулары, латын және грек әріптері, математикалық және химикалық формулалар немесе символдар сия, паста немесе қара түсті тушьпен жазылу мүмкін. Формулаларды баспа түрінде және қолдан а р а л а с ж а з у ғ а б о л м а ы д ы .

32. Мәтінде ғылымда және техникалық әдебиеттерде жалпы қолданбалы терминдер п а ы д а л а н ы л а д ы .

Әртүрлі қысқарған сөздерді қолдануға жол берілмейді.

Бұйымдар немесе заттар марка, тип және сериялардың шартты белгілерінің м а ғ ы н а с ы н а ш у к е р е к .

33. Ақпарат деректерінің библиографиялық мәліметтері, ақпарат көздерін табуға б о л а т ы н д а ы к ө р с е т і л е д і .

34. Сызбалар қара өшірілмейтін сызықтар және нақты штрихтармен жасалады .

Графикалық кескіндемелер масштабы мен нақтылығы, 2/3 дейінгі сызбалық қысқартуларды көшіргенде барлық белгілерді ажыратып алуға мүмкіндігі б о л а т ы н д а ы .

35. Егер бұйым сәндік материалға, мата, кілемдерге жататын, бұйымның құрылысы, фактурасы және колористикалық шешімі туралы түсінік беретін, жеңіл өнеркәсіп бұйымдарына өнеркәсіптік үлгіге өтінімді бергенде, өнеркәсіптік үлгіні суреттеуден басқа, сурет рапорттының мөлшерінде (400x500 мм үлкен емес) бұйымның фрагменті ұсынылады.

36. Өнеркәсіптік үлгінің өтініміне конвенциялық басымдығы сұралған

жағдайда Париж конвенциясына қатысушы басқа елге ерте берілген расталған өтінім көшірмесі өтінім берілген күннен бастап алты айдан кешіктірмей сараптау ұйымына қоса беріледі немесе ұсынылады.

37. Қажеттілігіне қарай өнеркәсіптік үлгіге жататын ақпаратты көпшілік алдында жария етудің күні мен орнын куәландыратын құжат ұсынылады.

38. Осы Нұсқаулықтың 35-37-тармақтарында көрсетілген материалдар бір дана да ұсынылады.

39. Өкіл арқылы іс жүргізген жағдайда өтінімге берілген үлгімен ресімделген сенімхат қажет.

Өкіл ретінде өтінім берушілердің бірі, егер олар бірнешеу болса – автор, патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге тұлға.

Сенімхат өтініммен бір уақытта немесе іс жүргізу кезінде өтінімнің келіп түсу күнінен екі ай ішінде ұсынылады.

Сенімхатпен өкілеттілікке ие өкілдің кез келген әрекеті немесе сараптау ұйымының кез келген оған қатысты әрекеті өтінім берушінің әрекетімен немесе соған қатысты салдарға ие.

Егер сенімхат өз уақытында ұсынылмаса, өкілдің жасаған әрекеттері жарамсыз болып танылып, назарға ілінбейді.

Өкілді тағайындаудан өтінім беруші немесе оның мирасқоры бас тартуы мүмкін. Ол сараптау ұйымына жазбаша хат жазу жолымен орындалады.

Сенімхатты берген тұлға сол сенімхаттың жойылуы жағдайында ол туралы өкілетті органға және сараптау ұйымына хабарлайды.

40. Хат алмасу өтінім берушімен немесе өкілетті өкілмен әр өтінім бойынша дербес жүргізіледі.

Материалдар сараптау ұйымына тікелей немесе пошта арқылы жіберіледі.

Өтінімді бергеннен кейін жіберілетін материалдар оның нөмірін және өтінім беруші мен оның өкілінің қолын құрайды.

Өтінім бойынша өндіріс процесінде жіберілетін материалдар Заңмен белгіленген мерзімде ұсынылады.

Сараптау ұйымында іс жүргізу мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде жүргізіледі. Басқа тілдегі материалдарға мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасы қажет. Аударманы белгіленген мерзімге жеткізгенге дейін басқа тілде ұсынылған материалдар қарастырылмайды. Бұл туралы өтінім беруші хабардар болады.

Материалдар факсимильді байланыс арқылы жіберілуі мүмкін. Факс арқылы жіберілген материалдардың түпнұсқалары факс арқылы түскен күнінен бастап бір ай ішінде ұсынылады. Бұл шартты сақтаған жағдайда материалдардың келіп түскен күні олардың факс арқылы түскен күні болып есептеледі. Егер материалдардың түпнұсқалары көрсетілген мерзімнен кейін келіп түссе немесе

факс арқылы келіп түскен материалдар ұсынылған материалдарға сәйкес болмаса , материалдар түпнұсқаның келіп түсу күніне түскен болып саналады, факс арқылы келіп түскен материалдардың мазмұны ары қарай қарастырылмайды. Егер факс арқылы келіп түскен қандайда бір өтінім материалдары немесе олардың бөлігі оқылмай не келіп түспеген болса, бұл материалдар түпнұсқаның келу күніне келіп түскен болып саналады.

41. Заңның 21-бабына сәйкес өтінім берушінің өтінім құжаттарына осы өтінім бойынша тиісті шешім қабылданғанға дейін мәлімделген объектінің мәнін өзгертпей түзетулер мен нақтылаулар енгізуге құқығы бар.

Өтінім құжаттарының түзетілуі мен нақтылануы ауыстыратын парақтарды ұсыну жолымен жүзеге асырылады. Ауыстыратын парақтар құжаттың әрбір данасына мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде беріліп не құжаттың аудармасына мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде беріледі. Осы Нұсқаулықтың талаптарын қанағаттандырады. Егер өзгерістер енгеннен кейін ауыстыратын парақтағы мәтін жарты парақты қамтыса немесе бұрын бір парақты қамтыған мәтін оның шегінен шығып жатса, келесі беттерде ауыстырылады. Ауыстыратын беттерді ұсынған кезде ұсынылатын өзгерістердің қысқаша түсініктемесі ауыстыратын беттерге негізделген ілеспе хатта беріледі. Егер өзгерістер өтінім берушінің бастамасымен енгізілген болса, түсініктеме белгіленген көлемге сәйкес төлемді растайтын құжат қосымша берілген өтінім берушінің хатында көрсетіледі. Осы өзгерістер өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде енгізілген жағдайда төлем алынбайды.

Егер библиографиялық мәліметтердегі қателер түзетілсе, сол түзетілген құжат тікелей репродукциялаудағы нақтылыққа қатысты теріс салдарға әкелмесе, өтінім берушінің хатында ауыстыратын парақсыз түзетуді енгізуге болады.

Өтінім берушінің қорғау құжатын алу құқығын беру кезіндегі нұсқауына қатысты немесе өтінім беруші атауының өзгеруі нәтижесіндегі өзгерістер, сондай-ақ өтінім құжаттарындағы техникалық сипаттағы қателерді түзету тиісті төлем төленген жағдайда өнеркәсіптік меншік объектілерін тиісті Мемлекеттік тізілімде тіркеген күнге дейін жасалуы мүмкін.

Егер маман үшін жалпыға белгілі білімі жағынан ұсынылған түзетуден басқа ештеңе қолданылмаған болса, бұл түзету айқын болып табылады.

42. Өтінімді қарастырудың кез келген сатысында өнеркәсіптік үлгінің Мемлекеттік тізілімге тіркелгеніне дейін өтінім беруші өнеркәсіптік үлгіге патентті алу құқығын басқа тұлғаға өкілетті органда мемлекеттік тіркеуге жататын, жазбаша түрде жасалған келісім-шарт бойынша бере алады.

43. Авторлар құрамының өзгеруінен құрамға патент беру туралы өтініште көрсетілген бір авторды қосу немесе құрамнан алып тастау жөнінде түсінуге болады.

Авторлар құрамына өзгерістер Осы Нұсқаулықтың 7-тармағына сәйкес ресімделген патент беру туралы жаңа өтінішті ұсыну жолымен енгізіледі.

Патент беру туралы жаңа өтінішке өтінімнің нөмірі және берілу күні көрсетілген авторлар құрамына өзгерістердің енуі туралы қолдаухат қажет. Авторды алып тастау жағдайында қолдаухатқа алынып тасталатын автордың қолы қойылады (үкіметаралық келісімге сәйкес берілген өтінім бойынша тек ұлттық авторлар мен өнеркәсіптік үлгілер авторларына). Бұл нотариалды түрде расталады. Алып тасталатын автордың келісімі өтінімнің нөмірі мен тіркеу күні көрсетілген жеке хат түрінде ресімделуі мүмкін.

Егер автордың қол қоюы мүмкін болмай, оны авторлар құрамына енгізу жағдайында қолдаухатқа жазбаша келісім қажет болады. Ол келесітәртіпте ресімделеді:

автордың өлімі немесе оны өлген деп жариялау жағдайында оның атынан мұрагері қол қояды. Ол заңды түрде мұрагерлік құқығы туралы нотариалды расталған куәлігін көрсетіп, өзінің мұрагерлік құқығын дәлелдейді;

егер сот Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 28-бабына сәйкес авторды хабарсыз жоқ болған деп таныса, қызығушылық танытқан тарап соттың авторды хабарсыз жоқ болған ретінде тануы туралы шешімін ұсынады;

авторды қабілетсіз немесе қабілеттілігі шектелген деп таныған жағдайда өзгерістер енгізуге келісімді оның атынан қамқоршысы немесе жанашыры қамқорлық белгілеу туралы сот шешімінің көшірмесін ұсынған жағдайда қол қоялады.

Авторлар құрамына өзгерістер қажетті төлемді растайтын құжат негізінде енгізіледі.

Егер осы тармақта көрсетілген құжаттар болмаса және/немесе ұсынылған құжаттар осы тармақтың талаптарына сәйкес келмесе, өтінім беруші ескертпе хатты жіберген күннен бастап үш айдың ішінде қажет құжаттарды немесе түзетілген құжаттарды ұсынуы тиіс.

Сұрау салынған құжаттар ұсынылмаған жағдайда жаңа өтініш берілмеген немесе шақырылған болып саналады. Бұл туралы өтінім беруші хабардар етіледі.

44. Патент алу бойынша тәртіпке лайықталған әрекеттерді жасау мерзімі уақыт кезеңімен анықталады. Бұл уақыт ағымында барлық әрекеттер атқарылады.

Егер мерзім "ағымында, кешіктірмей, өткенге дейін, күннен бастап..." деген сөз тіркестерімен сипатталатын болса, көрсетілген күннен кейінгі күннен бастап есептеледі. Мерзімнің соңы мерзімнің соңғы айының тиісті күнінде аяқталады. Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс емес күнге сәйкес келсе, мерзімнің аяқталу күні сол күнге жақын келесі күн болып табылады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн жоқ болып табылатын айға сәйкес келсе, мерзім сол айдың соңғы күнінде

а я қ т а л а д ы .

Мерзімнің аяқталу күнінен кешіктірілмей жіберілген құжаттар мерзімде жіберілген құжаттар болып саналады.

45. Заңның 24-бабының 2, 4-тармақтарына сәйкес өтінім беруші қажетті қолдаухатты ұсынған жағдайда сұрау салынған құжаттар жіберілген күннен үш айға ғана кешіктірілуі мүмкін.

Қолдаухатқа қажетті төлемді растайтын құжат қосымша етіп ұсынылуы қ а ж е т .

Сұрау салынған құжаттар немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы қолдаухат белгіленген мерзімде ұсынылмаса, өтінім берілмеген немесе қайтарылған болып саналады. Бұл туралы өтінім беруші хабардар болады.

Мерзімді ұзарту туралы қолдаухат сұранысты өтінім берушіге жіберген күннен бастап үш айдың ішінде ұсынылуы тиіс.

Өтінім беруші сұрау салынған құжаттарды ұсыну мерзімін ұзарту жөнінде х а б а р д а р б о л а д ы .

46. Заңның 24-бабының 8-тармағына сәйкес Заңның 24-бабының 3, 4-тармағымен қарастырылған және өтінім берушінің кешіккен мерзімдері себепті жағдайда және кешіккен мерзімді қалпына келтіру төлемін растайтын құжат ұсынған жағдайда сараптау ұйымымен қалпына келтірілуі мүмкін.

Мерзімді қалпына келтіру туралы қолдаухат кешіктірілген мерзімнің аяқталу күнінен бастап санағанда, алты айдан кешіктірмей берілуі қажет. Мұндай қолдаухат сараптау ұйымына сараптаманың сұрау салған материалдарымен немесе апелляциялық кеңеске негізделген қарсылықпен бір уақытта ұсынылады.

Қолдаухатқа қосымша қажетті төлемді растайтын құжат беріледі. Мұндай құжатты көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда қолдаухат берілмеген болып табылады. Бұл туралы өтінім беруші хабардар болады.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың бірі сақталмаған жағдайда қолдаухат қанағаттандырылмайды. Бұл туралы өтінім беруші хабардар болады.

47. Заңның 27-бабына сәйкес өтінім беруші берген өтінімін өнеркәсіптік үлгісінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тізіліміне тіркелгенге дейін қ а й т а р ы п а л у ы м ү м к і н .

Белгіленген мерзімде өтінімді қайтару туралы өтініш түскен жағдайда өтінім берушіге ескертпе хат жіберіледі және осы өтінімге қатысты іс жүргізу т о қ т а т ы л а д ы .

Қайтарылған өтінімнің құқықтық салдары болмайды, ол бойынша ешқандай заңды әрекеттер жасалмайды және алдағы уақытта өтінім берушінің құқықтары бұл өтінімге негізделе алмайды. Қайтарылған өтінім осы Нұсқаулықтың 62-64-тармақтарына сәйкес өнеркәсіптік үлгінің патенттік қабілеттілік шарттарына с ә й к е с т і г і б е л г і л е н б е й д і .

Өтінімді қайтару туралы ескерпе хатты жібергеннен кейін өтінім берушінің қайтару туралы өтінішін жарамсыз деп санау өтініші қанағаттандырылмайды.

48. Сараптама жүргізу кезеңінде өтінім беруші өз бастамасымен немесе сараптаманың сұранымы бойынша өтінілген нысан мәнін өзгертпей өнеркәсіптік үлгіге өтінім материалдарын толықтыруға, нақтылауға немесе өзгертуге мүмкіндігі бар.

Өтінілген өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертпейтін қосымша материалдар өтінімнің материалдарына қосылады.

Өтінілген өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертетін бөлік түріндегі қосымша материалдар өтінімді қарастыру кезінде назарға ілінбейді және дербес өтінім ретінде ресімделуі мүмкін. Бұл туралы өтінім беруші хабардар етіледі.

Сонымен қатар дербес өтінім сараптау ұйымының өтінім берушіге ескертпе хат жібергеннен бастап үш ай ішінде берілсе, Заңның 20-бабының 3-тармағына сәйкес оның басымдығы қосымша материалдардың келіп түсу күнімен белгіленеді.

Егер қосымша материалдар осы Нұсқаулықтың талаптарын сақтамаған түрде ұсынылса, өтінім беруші олардың сараптама кезінде жалпы түрде немесе қажетті бөлікте назарға алынатыны жөнінде хабардар етіледі.

4. Өтінім сараптамасы

49. Сараптама жасау ұйымына түскен өтінім материалдарына тиісті нөмір мен түскен күнін көрсетуін тіркеу, мемлекеттік немесе орыс тілдерінде және өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің кескіндемесімен өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы өтінімі бар болған жағдайда жүргізіледі. Патент беру туралы немесе өтінілетін үлгінің кескіндемесі мазмұндалмайтын құжаттар тіркелмей және оны ұсынған тұлғаға қайтарылып беріледі. Құжаттарды қарауға қабылданған факті туралы өтінім берушіге өтінімнің тіркеу нөмірі мен құжаттың түскен күні туралы ескерту қағазы жіберіледі.

Қорғау құжатын беру туралы өтініш мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде ұсынылады. Басқа құжаттар мемлекеттік тілде, орыс немесе өзге тілдерде ұсынылады. Егер де басқа құжаттар өзге тілде берілсе, өтінімге олардың мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасы қажет. Аударма сараптау ұйымына басқа тілдегі құжатты құрайтын өтінім келіп түскен күннен кейін екі ай ішінде ұсынылуы тиіс. Сәйкес төлем жасалған жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін. Бірақ екі айдан ұзақ созылмайды.

Аударманы белгіленген мерзімге сәйкес бермеген жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

Үшінші тұлғаның қорғау құжатын беру туралы мәлімет жарияланғанға дейін

өтінімге қол жеткізуіне рұқсат берілмейді. Тек Заңның 16-бабының 3-тармағымен қарастырылған жағдайларда ғана мүмкін болады.

Өтінім бойынша шығыс құжаттарын сараптама жасау ұйымы, өтінім берушімен аталған, хат алмасу мекен-жайына жіберіледі.

Сараптама жасау ұйымына тапсырылған өтінімнің расталған көшірмесі тиісті төлем туралы құжаттың бар болған жағдайында шетелде патенттілеу мақсатында өтінім берушінің өтініші негізінде жасалады.

50. Сараптама жасау ұйымы өтінім материалдарын қарастыруға қабылдағаннан кейін формалды сараптаманы жүргізеді.

51. Формалды сараптама жүргізілген кезде төмендегілер тексеріледі:

өтінімде қамтылатын немесе Заңның 19-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында және оның 4 бөлімінде көзделген қосымша берілетін құжаттардың бар болуы;

белгіленген мөлшерде жүргізілген төлемдердің сәйкестігі; патенттік сенімді өкілдер өкілеттілігін куәландыратын, сенімхаттың ресімделуінің дұрыстығын және тексерістің бар болуын қоса алғанда, Заңның 36-

бабының 2-тармағында көзделген өтінімді беру тәртібін сақтау; өнеркәсіптік үлгі бірлік талаптарын сақтау;

ұсынылған қосымша материалдары өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің маңызын өзгертуі;

ӨҮХС бойынша өтініш берушінің өнеркәсіптік үлгіні дұрыс сыныптауы; ерте түскен басымдықтың сұралу негіздемесі.

Формалды сараптама жүргізу сатысында Заңның 24-бабының 2-тармағының негізінде өтінімнің берілген мерзімі және басымдығының мерзімі белгіленеді.

52. Өнеркәсіптік үлгіге өтінім бойынша, құжаттардың талаптары бұзылып рәсімделген жағдайда, өтінім берушіге ұсыныс жіберілген күннен бастап үш ай ішінде түзетілген және жетіспейтін құжаттарды ұсыну ұсынысы жіберіледі.

Егер де өтінім беруші белгіленген мерзімде сұрау салынған құжаттарды немесе мерзімді ұзарту туралы қолдаухатты ұсынбаса, өтінім берілмеген болып есептеледі, сәйкесінше өтінім берушіге ескерту хаты жіберіледі.

53. Сауал негіздері мыналар болып табылады: осы Нұсқаулықтың 6-тармағының 1) және 3) тармақшасында көзделген өтінімде құжаттардың біреуі жоқ болған жағдайда;

өкілге сенімхатты ресімдеуде талаптарды бұзу; патент беру туралы өтінішінде қажетті мәліметтер, сондай-ақ мөр оттискі мен қолдары жоқтығы, сонымен өтініште келтірілген мәліметтерді нақтылау қажеттілігі;

белгіленген көлемде сәйкес төлемді растайтын құжаттың болмауы; репродукциялауға кедергі келтіретін, құжаттарды ресімдеуде кемшіліктерді

анықтау (өтінім материалдарын оқу қиындығы, баспа сапасы, жолдар мөлшері, парақтар форматының талаптары бұзылғанда);

Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар таңбаларына үшінші тұлғалар құқықтарының бұзылу мүмкіндігімен байланысты, мәселелерді шешу қажеттілігі ;

патент туралы мәліметтер жариялымында да аталғысы келмейтін, авторлар туралы мәліметтерден басқа, өтінімде жалпы жеткілікті болып табылмайтын сілтемелердің, сондай-ақ басқа да мәліметтерді жариялауға мүмкін емес мәліметтердің бар болуы ;

өтінімде сұралатын алдыңғы басымдықты белгілеумен байланысты мәселелерді шешу қажеттілігі ;

өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің маңызын талдаусыз белгіленетін, өтінімдер құжаттарына осы Нұсқаулықтың басқа да талаптарын бұзушылықтардың бар болуы .

54. Өнеркәсіптік үлгі мәнін топтастыру ӨҮХС-ке сәйкес өтінім мәнін бірде бір қолдану саласына қатыстыру мақсатында жасалады.

Топтастыру кезінде, топтама индексін таңдауда негіз болып, оны кескіндемесі, суреттемесі, сондай-ақ өтінімде бар сызбалар болып табылады.

Формалды сұралатын сараптама кезінде белгіленген топтама индекстері маңызы бойынша өтінімді сараптау процессінде өзгерілу мүмкін.

55. Өтінілетін өнеркәсіптік үлгі маңызы талдаусыз өтінімді қарау нәтижесінде , өтінім өнеркәсіптік үлгі бірлігінің талаптары бұзылуы анықталғанда, өтінім берушіге тиісті ескерту жіберілген соң үш айлық мерзім ішінде, қай өнеркәсіптік үлгісі қаралуын, қажетінше, өтінім құжаттарына нақтылауды енгізсін.

Егер өтінім беруші бірлік талаптарын бұзу туралы ескерту берілген үш ай мерзім ішінде, қай өнеркәсіптік үлгіні қарауын қажет, және нақтылау қағаздарын ұсынбаған жағдайда, суреттемеде бірінші болып көрсетілген нысанының қаралуы жүргізіледі .

56. Егер өтінімде барлық қажетті құжаттары болып және оған қойылған барлық талаптары сақталған жағдайда, өтінім берушіге формалды сараптаманың оң нәтижесі және өтінімді беру мерзімі туралы хабарланады.

57. Сараптама жасау ұйымы формалды сараптаманың оң нәтижесінен соң өтінімнің мәні бойынша сараптаманы жүргізеді.

58. Мәні бойынша сараптамада :
өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын, нысандарға өтінілетін ұсынысты қатыстыру мүмкіндігі белгіленеді ;

көркем-конструкторлық шешімнің деңгейін анықтауда өтінілетін өнеркәсіптік үлгіге қатысты ақпараттық ізденіс жүргізіледі ;
ақпараттық ізденістің нәтижелері негізінде патент қабілеттілігі жағдайларына

өтінілетін шешімге сәйкестікке тексерісті жүзеге асырады.

59. Өнеркәсіптік үлгі ретінде бұйымның сыртқы түрін анықтайтын көркем-конструкторлық шешімі қорғалады. Бұйым деп өнеркәсіптік немесе қолөнер кәсібінің кез келген бұйымын, құрама бұйымдарды, құрама бұйымдарға құрастыруға арналған дербес компоненттерді, орамаларды, заттаңбаларды, төсбелгілерді, қаріптерді, бірлесе қолданылатын бұйымдардың жинақтарын т ү с і н у г е б о л а д ы .

Бұйымның дербес бөліктеріне оның функционалды дербес бөліктері жатады. Олар бұйымды қолдану барысында көрінеді.

Құрама бұйымды құрастыруға арналған компонентке құрама бұйымның функционалды дербес бөлігі жатады. Ол бұйымды құрастыру үшін қажет және бұйым бүтіндігін бұзбай қайта монтаждалып, құрама бұйымды құрастыру үшін қ а й т а п а й д а л а н ы л а д ы .

Құрама бұйымдарға құрама бұйымға арналған компоненттерден тұратын б ұ й ы м д а р ж а т а д ы .

Жиынтыққа жалпы тағайындалуға және кешенді пайдаланылуға ие бұйым т о п т а р ы ж а т а д ы .

Бұйымның көркем-конструкторлық шешімі бұйымның сыртқы түрінің эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктерін анықтайтын мәнді белгілердің жиынтығымен сипатталады.

60. Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес мәні бойынша өтінімге сараптама жүргізгенде, өнеркәсіптік үлгіні өнеркәсіпте пайдаланылуына, жаңалығы мен ерекшелігіне патент қабілеттілігіне тексерісті жүзеге асырады.

Егер өнеркәсіптік үлгінің тобы бойынша өтінім берілген болса, патент қабілеттілігі оған кіретін өнеркәсіптік үлгінің әрбіріне қатысты түрде тексеріледі. Топтың барлық өнеркәсіптік үлгісінің патенттік қабілеті болған жағдайда ғана олардың патенттік қабілеттіліктері мойындалады.

61. Заңның 19-бабының 1-тармағына бойынша өнеркәсіптік үлгі тобындағы барлық өнеркәсіптік үлгінің патенттік қабілеттілік шарттарына сәйкес келмеген жағдайда сараптау ұйымы өнеркәсіптік үлгіге патент беруден жарым-жартылай бас тарту туралы сараптама қорытындысын шығарады.

62. Өнеркәсіптік қолданылуын тексеру басымдық күніне дейін белгісіз, бірегей әдістер мен тәсілдерді пайдаланусыз сәйкес бұйымды дайындау кезінде суреттер мен өнеркәсіптік үлгінің мәнді белгілер тізбесінде мәнді белгілер жиынтығымен сипатталатын өнеркәсіптік үлгінің көп қабатты қайта жаңғырту мүмкіндігін белгілеу мақсатында жүргізіледі.

Өнеркәсіптік үлгінің басымдық күніне барлық талаптар сақталған жағдайда, өтінілген өнеркәсіптік үлгі өнеркәсіптік пайдалану жағдайына сәйкес деп танылады. Егер өтініш беруші аталған талаптарды сақтамаған жағдайда өтінілген

нысанның мәнін өзгертпей өтінімнің материалдарын нақтылау және (немесе) толықтыру ұсынысымен бірге өнеркәсіптік үлгінің өнеркәсіптік пайдалану жағдайына сәйкес келмегені туралы дәлелденген сұраныс жіберіледі.

Өтінілген өнеркәсіптік үлгі өнеркәсіптік пайдалану жағдайына сәйкес келмеген өнеркәсіптік үлгіге қатысты жаңалық пен ерекшелікке тексеріс жүргізілмейді.

63. Жаңалықты тексеру формалды сараптау нәтижесі бойынша қарастырылуға қабылданған, бұйым суретінде және өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілер тізбесінде көрініс тапқан өнеркәсіптік үлгінің белгілер жиынтығына қатысты жүргізіледі. Егер формалды сараптау аяқталғаннан кейін өтініш беруші өзгерткен болса, Заңның 24-бабы 4-тармағына көрсетілген талаптарды сақтай отырып маңызды белгілердің өзгертілген тізбесіне қатысты жүргізіледі.

Жалпыға жеткілікті мәліметтер деп, әрбір тұлға таныса алатын ақпарат көзі танылады.

Жоғарыда аталған мәліметтерді жалпыға жеткілікті қатыстыру мүмкіндігін анықтайтын күні:

өнеркәсіптік үлгі туралы мәліметтерді жариялау күні - оларды жариялау күні;

баспаларға басуға қол қойылу күні жазылған - аталған күні;

басқа да баспаларға - жарыққа шығу күні немесе ол анықталмаған жағдайында, баспада аталған жылғы айдың соңғы күні;

мақала, шолу, монография және басқа да материалдар қол жазбаларын депондылау - депондылау күні;

ғылыми-техникалық ақпарат органдарындағы, ғылыми-зерттеу жұмыстары, тәжірибе-конструкторлық және басқа да жұмыстар түсіндірме қағаздары, технологиялық және жобалық құжаттар туралы есептерге - органдарға түскен күні;

нормативті-техникалық құжаттар үшін - оның уәкілетті органда тіркелу күні;

қолжазба құқығында басылған, диссертациялар авторефераттары мен диссертациялар материалдары үшін - олардың кітапханаға түсу күні;

көрмеге қойылған экспонаттар үшін - оларды көрсетуге құжатпен расталатын күні;

теледидар бойынша хабарлама үшін - сол хабарламаның күні, егер ол ақпараттың тиістінше тіркелген күні.

Өнеркәсіптік үлгі, егер ақпарат көздерінде өнеркәсіптік үлгінің мәнді белгілер тізбесінде сипатталған, қаралатын өтінімдерге кескіндемелерде ұсынылған, барлық белгілерге ұқсас, тән, көркем-конструкторлық шешімі туралы мәліметтер анықталған жағдайда, жаңалық жағдайына тиісті деп саналамайды.

Өнеркәсіптік үлгінің жаңалығын анықтаған кезде Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік үлгілерге бұрын басқа адамдар өтінім берген (қайтарып алынғандарын қоспағанда) және Қазақстан Республикасында патенттелген өнеркәсіптік үлгілердің неғұрлым ертеректегі басымдығы да ескеріледі.

Қаралатын өнеркәсіптік үлгі мәліметтері туралы, ақпарат көзі ретінде басымдығы ерте өтінім болып табылған жағдайда, өтінім қайтарылып алынбаған немесе қайтарылып алынған болып есептеледі.

Егер өтінім уақытында қайтарылып алынбаса немесе қайтарылып алу мерзімі өтпеген жағдайда, қаралатын өнеркәсіптік үлгі өтінім берушіге, оның мазмұны ашылмай және өтінім берушісі аталмай сондай өтінім бар екені туралы хабарланады және басымдық өтінім бойынша анықтамалықты анықтағанша өтінімді қарастыру мүмкіндігі кешіктіріледі. Егер өтінім беруші өтінімді қарастыруды кешіктіру жағдайымен келіспеген жағдайда, өтінілген өнеркәсіптік үлгі жаңалық жағдайына сәйкес емес деп есептеледі.

Жаңалық жағдайы сәйкес емес өнеркәсіптік үлгілерге ерекшелік тұрғысынан тексеріс жүргізілмейді.

64. Өнеркәсіптік үлгіні ерекшелікке тексеру Заңның 8-бабы 1-тармағының негізінде жүргізіледі және:

жақын ұқсастықты анықтау;
өтінілетін өнеркәсіптік үлгіні жақын аналогтан айыру, елеулі белгілерді анықтауын енгізеді (айырықша белгілер);

өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің айыру белгілерімен сәйкес келетін, белгілері бар, көркем-конструкторлық шешімдер басымдығының күніне дейін әлемде жалпы жеткілікті мәліметтерді анықтау.

Өнеркәсіптік үлгі ерекшелік жағдайына сәйкес деп, тізбеге енгізілген белгілер бойынша мәнді белгілер үшін көркем-конструкторлық шешімдер анықталмаған жағдайда танылады.

Өнеркәсіптік үлгі жаңалық жағдайына тиісті деп, егер оның барлық елеулі ерекше белгілеріне, сол белгілері бар, көркем-конструкторлық шешімдер анықталған жағдайына, сондай-ақ анықталған көркем-конструкторлық шешімдерге тән емес, бұл белгілер қаралатын өнеркәсіптік үлгінің эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктерін баршылығын қамтамасыз етеді.

Бұйымдарға қатысты, өнеркәсіптік үлгі сол бұйымның эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктеріне ықпалы расталмағанда, мәнді белгілер тізбесіне өтінім берушімен енгізілген белгілермен ғана жақын аналогтан айрылғанда;

танымалдармен салыстыру бойынша бұйымдардың түсі өзгерсе (бірақ колористикалық шешімі емес) немесе элементтер саны көбейтіліп, мөлшерлер өзгергенде;

жеке алынған қарапайым геометрикалық көлем немесе жеке алынған қарапайым геометрикалық фигура түрінде; басқа техникалық негізде орындалған, тиісті маңыздағы бұйымдарға қатысты, қ а л п ы н қ а й т а л а ғ а н д а ; сыртқы пішіні танымал нысандардан қайталанған, сыртқы түрі ұқсас әртүрлі маңыздағы екі нысанды танығанда; олардың сыртқы түрін өзгертпей, әртүрлі ұқсас бұйымдары жасалған жиынтығында (комплектісі) жаңалық жағдайына сәйкес емес деп танылады.

65. Заңның 8-бабы 2-тармағында көрсетілген мынадай шешімдер:

- 1) бұйымдардың тек қана техникалық міндеттеріне негізделсе;
- 2) сәулет объектілерінің (шағын сәулет нысандарын қоспағанда), өнеркәсіптік , гидротехникалық және басқа да тұрақты ғимараттардың;
- 3) б а с п а ө н і м н і ң ө з і ;
- 4) сұйық, газ түріндегі, сусыма немесе сол сияқты заттардан тұратын тұрақсыз нысандағы объектілердің;
- 5) Адами ар-намысқа тіл тигізетін, әдепсіз, жаргондық немесе ұятсыз мазмұндағы ұлттық немесе діни сезімдерге ие; өндіруші мен (немесе) бұйымды және (немесе) тауарды өндіру орнына қатысты бұйым пайдаланушыны адастыруға итермелейтін; қоғамдық мүдделерге, адамгершілік пен мораль принциптеріне қайшы келетін бұйымдардың шешімдері өнеркәсіптік үлгілер болып танылмайды.

Адасуға итермелейтін шешімдердің қатарына қайта жаңғыратын немесе ұқсас не жалпы әсер қалыптастыратын элементтерді құрайтын шешімдер жатады.

О л а р :

Мемлекеттік елтаңбалармен, тулармен және басқа да мемлекеттік рәміздер м е н б е л г і л е р м е н ;

Халықаралық және үкіметаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атауларымен, олардың елтаңбаларымен, туларымен, рәміздерімен және б е л г і л е р і м е н ;

Ресми бақылау, кепілдік берілген таңбалармен, мөрлермен, марапаттармен және басқа да ерекшелік белгілерімен араласуға алып келеді.

Мұндай элементтер сәйкес құзырлы органның келісімі болса, бұйымның сыртқы түрінің шешіміне қосылады.

Тауар таңбасы ретінде халықаралық келісім-шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге жіберілмейтін элементтермен;

өйткені бұл элементтер халықаралық келісім-шартқа қатысушы - белгілі бір мемлекетте оның жер аумағынан (осы мемлекеттің географиялық нысаны шекарасында шығарылатын) шығарылатындай етіп бұйымды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін және егер де өнеркәсіптік үлгі берілген географиялық

нысанның аумағында шығарылмайтын бұйымдардың оралуына, таңбалануына арналған болса, айрықша сапаға, беделге немесе олардың шығу тегімен анықталатын басқа сипаттамаларына ие белгі ретінде қорғалады.

Қазақстан Республикасы халықтарының аса құнды нысандарының я болмаса жүниежүзілік мәдени немесе табиғи мұра нысандарының ресми атауларымен немесе суреттерімен, егер олардың иесі болып табылмайтын тұлғалар атына, өнеркәсіптік үлгі ретінде мұндай шешімдердің тіркеуіне ие өкілеттігін алған иесі немесе тұлғаның келісімінсіз сұралып жатса;

Қазақстан Республикасында қорғалатын, соның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық келісім-шартына сәйкес, тауарлардың бір текті бұйымдарына қатысты өнеркәсіптік үлгіге өтінім беру күніне басқа тұлғалардың белгілі тауар таңбаларымен;

тауарлардың бір текті бұйымдарына қатысты Қазақстан Республикасында жалпыға белгілі тауар таңбалары тәртібімен Қазақстан Республикасының "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары туралы" Заңымен белгіленіп мойындалған басқа тұлғалардың тауар таңбаларымен;

тұлғалардың өтінім беру күніне, тұлғалардың немесе олардың мұрагерлерінің келісімінсіз танымал есімдермен, лақап есімдермен немесе олардан туындайтын белгілермен, Қазақстан Республикасында танымал портреттермен немесе факсимилемен;

тіркеу бойынша әрекеті өнеркәсіптік үлгі ретінде сол немесе бір текті тағайындалу бұйымдарына қатысты, я болмаса тауар таңбасы ретінде тауарлардың бір текті бұйымдарға қатысты белгіленген заңнамалық тәртіпте нашар бәсекелестіктің актісімен мойындалған белгілермен араласуы мүмкін.

66. Осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес қолдаухат және қажетті төлемді растайтын құжатты берген жағдайда әрекеттегі алдын ала патент иесінің патент алуы үшін сараптау ұйымы мәні бойынша сараптама жүргізеді.

67. Мәнді белгілер тізбесін қарастыру кезінде өтінім беруші көрсеткен эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктерге ие, суретте ұсынылған бұйымның сыртқы түрін қалыптастыру үшін жиынтығы қажет мәнді белгілер белгіленеді.

Егер белгі суретте орын алса, бірақ өтінім беруші оны мәнді белгілер тізбесіне қоспаса және ол бұйымның сыртқы түрін қалыптастыруға ықпал етсе, өтінім берушіге бұл белгіні мәнді белгілер тізбесіне қосуға ұсыныс жасалады. Өтінім беруші мұндай өңдеуден бас тартса, өнеркәсіптік үлгінің патенттік қабілеттілігін тексеру кезінде сыртқы түрінің бұл ерекшелігі ескерілмейді.

Белгіні сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда сараптау ұйымы өтінім берушіден түсініктеме сұрайды және/немесе өнеркәсіптік үлгінің суреті және

сипаты негізінде мұндай белгінің сипаттамасын өңдеп беруді ұсынады.

Өтінім беруші берілген салаға арналған ескірген немесе пайдасыз терминологияны пайдаланса, мәнді белгілер тізбесіне қажетті өңделім енгізуге ұсыныс жасалады.

Егер белгі сәйкестендіруге келмесе, өтінім беруші мәнді белгілер тізбесін өңдеуден бас тартса, өтінімді қарастыру барысында мұндай белгі назарға алынбайды.

Егер мәнді белгілер тізбесін қарастыру кезінде оның құрылымы мен мазмұнына сәйкессіздік байқалса, өтінім берушіге мәнді белгілер тізбесін өңдеу туралы ұсыныс жасалады.

Өтінімнің алғашқы материалдарында болмаған және сәйкес келмейтін белгілерді мәнді белгілер тізбесіне қосу туралы өтінім берушінің өтініші бойынша өтінім берушіге бұл белгілерді көрсетпей тізбені беру ұсынылған сұраным жіберіледі.

68. Сарапшының сұрақтары, ескертпелері және дәлелденген ұсыныстары сұранымда сілтемелермен көрсетіледі, қажет болса көркем құрылымдау сұрақтары бойынша әдебиетке, ғылыми-техникалық әдебиетке, заңнама ережесіне сілтеме жасалады. Сараптау ұйымының сұранымдары өтінім берушіге бірнеше мәрте жіберілуі мүмкін.

69. Егер белгіленген мерзімде өтінім беруші сұрау салынған материалдарды немесе қолдаухатты ұсынбаса, өтінім қайтарылған болып саналады, ол бойынша іс жүргізу Заңның 24-бабының 8-тармағына сәйкес жүргізіледі. Бұл туралы өтінім беруші хабардар етіледі.

5.Қорытынды ережелер

70. Патент иегерінің атауы мен мекен жайына негізделген өзгерістер патент нөмірі көрсетілген және өзгеріс барысындағы төлем туралы құжаты қосымша берілген, өзгерісті растайтын құжаты бар патент иегерінің жазбаша қолдаухатымен жүргізіледі.

71. Патентке құқыққа жол беруден басқа, патентке құқық өзге тұлғаға өткен жағдайда енгізілген өзгерістер мирасқордың қолдаухаты бойынша жүргізіледі. Қолдаухатта патент нөмірі көрсетіліп, төлем туралы құжат қосымша беріледі. Сонымен қатар қолдаухатта патентке құқықтың өтуін растайтын құжаттардың расталған көшірмелері қосымша берілген мирасқор туралы мәліметтер көрсетіледі.

Өнеркәсіптік үлгігелерге патентті беруге өтінімді жасау, ресімдеу

N 1 Қалпы - ӨҮ

Кіріс нөмірі	(21) Тіркеу N		(22) Берілген күні
Түскен күні			басымдығы
Өнеркәсіптік Республикасының патентін ӨТІНІШ	үлгіге алу	Қазақстан туралы	"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚК-ға Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Зияткерлік меншік құқықтары комитеті Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ. Сол жақ жағалау, 35-көше, Министрліктер үйі, 8-үй, 13-кіреберіс, 4-корпус
Төмендегідей құжаттарды тапсыра отырып, өтінім берушінің (лердің) атына Қазақстан Республикасының патентін беруді өтінемін (міз) (71) Өтінім беруші (лер): (толық аты-жөні немесе атауы және тұрғылықты жері немесе мекен-жайы көрсетіледі. 97 кодымен өтінім берушілер – авторлары тұрғылықты мекен-жайы көрсетіледі)			Стандарт бойынша елдің коды ДЗМҮ ST.3 (егер белгілі болса)
<p>ҰЗМИ РМҚК-ға берілген өтінімнен ерте күні бойынша басымдық сұралған кезде ғана толтырылады</p> <p><input type="checkbox"/> Осы күн бойынша өнеркәсіптік үлгінің басымдығын белгілеуін өтінеміз: Париж конвенциясына қатысушы мемлекетіне бірінші өтінімді (дерді) беру (Заңның 20 б. 2 т.)</p> <p><input type="checkbox"/> 20 б. 4 т. сәйкес ҰЗМИ РМҚК-ға ерте тапсырылған өтінімі</p> <p><input type="checkbox"/> 20 б. 4 т. сәйкес ҰЗМИ РМҚК-ға ерте тапсырылған өтінімі (өтінім нөмірі _____, түскен күні _____)</p> <p><input type="checkbox"/> ерте берілген өтінімнің қосымша материалдарының түсуі (Заңның 20 б. 3 т.)</p>			
бірінші өтінімнен алғаш, ерте берілген өтінімнің N	Сұралатын күні	басымдық	(33) ST.3 бойынша елдің коды (конвенциялық басымдықты сұрағанда)
(54) Өнеркәсіптік үлгінің атауы Заңның 9 б. 4 т. талаптары сақталған			
(98) Хат алмасу үшін мекен-жайы (толық пошталық мекен-жайы және адресаттың аты-жөні)			
Телефоны:		Факсі:	
(74) Патенттік сенім білдірілген өкілі (толық атауы, тіркеу нөмірі, адрес) немесе өтінім берушінің (лердің) өкілі (толық аты-жөні немесе атауы, адрес)			
Қоса беріліп отырған құжаттардың тізімі	Даналардағы беттер саны	Даналар саны	

<input type="checkbox"/> қосымша			Патентті алу және өтінім беру құқығының пайда болу негіздемесі (құжатты ұсынмай): <input type="checkbox"/> заңның 10 б. 2 т. талаптары сақталған және жұмыс беруші болып табылады <input type="checkbox"/> оның құқықтық мираскор немесе жұмыс берушінің құқығын қайтадан басқаға беру <input type="checkbox"/> оның авторы немесе жұмыс берушінің құқығын қайтадан басқаға беру <input type="checkbox"/> мирастық құқығы (ҰЗМИ штампының орны)
<input type="checkbox"/> өнеркәсіптік үлгінің суреттемесі			
<input type="checkbox"/> бұйым кескіндемесінің жиынтығы			
<input type="checkbox"/> сызба(лар) және басқа да материалдары			
<input type="checkbox"/> өтінімді беру төлемі туралы құжаты			
<input type="checkbox"/> төлем мөлшерін азайтуға негіздемелердің растайтын құжат			
<input type="checkbox"/> бірінші өтінім(дер) көшірмесі(лері) (конвенциялық басымдықтар сұралғанда)			
<input type="checkbox"/> өтінімнің шетел тіліндегі құжаттары			
<input type="checkbox"/> патент сенімді өкілі немесе өкілдің уәкілеттілігін растайтын, сенімхат			
<input type="checkbox"/> басқа да құжат (атап кету)			
(72) Автор (лары) (толық аты-жөні)	(97) Тұрғылықты жерінің толық пошталық мекен-жайы, егер белгілі болса ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша елдің коды		Патентті алу құқығын берген өтінім беруші(лер) – автор(лар) және/немесе автор(лар) қол(дар)ы
Мені (бізді) _____ (А.Ж.Ә.А.) патент беру туралы мәліметтерді жариялағанда автор(лар)ы сияқты атамауыңызды сұраймын(мыз) Автор(лар) қол(дар)ы:			
Қолы Автор(лар) болып табылмайтын, өтінім беруші(лер) қол(дар)ы, қол қойылған күні (заңды тұлғаның атынан қол қойылғанда басшы қолы мөрмен тіркеледі)			

Өнеркәсіптік үлгілерге патентті беруге өтінімді жасау, ресімдеу және қарастыру жөніндегі нұсқаулыққа
2-Қосымша

**Мәні бойынша сараптаманы жүргізу туралы
ҚОЛДАУХАТ**

Мәні бойынша сараптама жүргізуін сұраймын (сұраймыз)

(21) Өтінім N _____ (22) Өтінімді беру күні _____

(54) Өнеркәсіптік үлгінің атауы _____

(71) Өтінім беруші _____

(31) Бірінші, (32) Сұратылатын (33) ST.3 бойынша
неғұрлым ерте, басымдық күні берген елдің коды
алғашқы өтінім- (конвенциялық
нің N басымдық
сұратылған

кезде)

1 .

2 .

3 .

Өнеркәсіптік үлгінің мынадай нұсқалары бойынша мәні бойынша сараптама жүргізуді сұраймын (сұраймыз): _____

Қ о с ы м ш а :

- Төлемді растайтын құжат

Қолдау хат берген (төлем күні және N)
тұлғаның қолы

(заңды тұлғаның атынан қол қойылғанда басшы қолы мөрмен тіркеледі) _____

Қолдау хат ҰЗМИ РМКҚ-ға мәні бойынша сараптама жүргізуге тиісті төлемді растайтын құжатты ұсынған кезде әрекетті деп танылады.